

Нысаналы топтағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 16-473 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Талдықорған қаласының әділет басқармасында 2009 жылы 28 тамызда N 2-1-103 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 19 қыркүйектегі N 22-999 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 19.09.2011 N 22-999 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18 -1-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына сәйкес қала әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2009 жылға арналған нысаналы топтағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. "Талдықорған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (Ш. Б. Мұхаметжан) жұмысы жоғарыда аталған нысаналы топтағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібімен жүргізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қ. Көлбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қала әкімі</i>	<i>С. Жылқайдаров</i>	
Талдықорған	қаласы	әкімдігінің
2009	жылғы	20
"Нысаналы	топтағы	шілдедегі
азаматтарды	жұмысқа	жұмыссыз
үшін	әлеуметтік	жұмыс
ұйымдастыруды	ұсынатын	орналастыру
		орындарын
		жұмыс

берушілерді
айқындау
N
қосымша

іріктеу

16 - 473

тәртібін
туралы "
қаулысына

Нысаналы топтағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі

1. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға өтінім тапсырады.

2. Уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу кезінде мынадай талаптар ескерілсін: кәсіпорынның төлеу қабілеті, еңбекақының уақытында төленуі, жұмыс орнының қауіпсіздік техникасы нормаларына сай болуы, кәсіпорында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі нормаларының сақталуы, уәкілетті органмен "Талдықорған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен – жергілікті атқарушы органдардың аймақтық деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу ісін және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін құрылымдылық бөлімшесімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) жасалған келісім – шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссыздарға тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі.

3. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөнінде уәкілетті органмен келісім-шарт жасайды. Келісім шартта екі жақтың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері қамтылады. Әлеуметтік жұмыс орны нысаналы топтарға әдейі арналады. Жұмыс орындарының саны шектелмейді. Жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орындар пайдаланылмайды.

4. Уәкілетті орган халықтың нысанасы топтағы жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орнына орналастыру үшін жолдама береді.

5. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орнына жіберілген жұмыссызды қабылдайды, онымен еңбек келісім-шартын жасайды, қауіпсіздік техникасы нормаларына сәйкес келетін жұмыс орнын ұсынады.

6. Жұмыс берушілер қалалық бюджет қаражатынан еңбек ақысын төлеу бойынша шығындардың орнын толтыру үшін ай сайын ағымдағы айдың 20-на дейін уәкілетті органға белгіленген тәртіпте: жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін, жұмыс уақыты есебінің табелін, әлеуметтік орындарға

қабылданған жұмыскерлер туралы есепті және орындалған жұмыстардың актісін
т а п с ы р а д ы .

7. Нысаналы топтағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеудің осы тәртібінің орындалуын бақылау уәкілетті органға жүктеледі.

Бөлім бастығы

Ш. Мұхаметжан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК